

Ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру және мәдениет мамандары лауазымдарының тізбесін айқындау туралы

Күшін жойған

Атырау облысы Исатай ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 22 шілдедегі № 137 қаулысы. Атырау облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 16 тамызда № 2771 тіркелді. Күші жойылды - Исатай ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 24 қазандағы № 201 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Атырау облысы Исатай ауданы әкімдігінің 24.10.2014 № 201 қаулысымен (жариаланған күнінен кейін күнтізбелік он үн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31, 37-баптарына, Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 15 мамырдағы Еңбек Кодексінің 238-бабының 3-тармағына және V шақырылған аудандық мәслихаттың XI сессиясының 2013 жылғы 19 сәуірдегі № 105-V "Ауылдық (селолық) жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру және мәдениет мамандары лауазымдарының тізбесіне келісім беру туралы" шешіміне сәйкес Исатай ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру және мәдениет мамандары лауазымдарының тізбесі айқындалсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары М.Р. Өтеғалиевке жүктелсін.

3. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Исатай ауданы әкімінің міндетін атқарушы	Н. Ожаев
К Е Л І С І Л Д І : Исатай ауданы мәслихаты сессиясының төрағасы 2013 жылғы 22 шілде Исатай ауданы мәслихатының Х а т ш ы с ы 2013 жылғы 22 шілде	А. Сидеғалиев Ж. Қадимов

Ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру және мәдениет мамандары лауазымдарының ТІЗБЕСІ

1. Әлеуметтік қамсыздандыру мамандарының лауазымдары
мемлекеттік мекеме басшысы;
күтім жөніндегі әлеуметтік қызметкер;
әлеуметтік жұмыс жөніндегі маман.
2. Білім беру мамандарының лауазымдары
мемлекеттік мекеме және қазыналық кәсіпорын басшысы (мектепке дейінгі мемлекеттік мекемеден және қазыналық кәсіпорыннан басқа);
мемлекеттік мекеме басшысының орынбасары (мектепке дейінгі мемлекеттік мекемеден және қазыналық кәсіпорыннан басқа);
мектепке дейінгі қазыналық кәсіпорынның басшысы;
кабинет меңгерушісі;
кітапхана, интернат меңгерушісі;
мамандар (бас, аға): барлық мамандықтағы мұғалімдер және дәрігерлер, психолог, нұсқаушы, зертханашы, медициналық бике, емдәм бикесі, хореограф, тәрбиеші, кітапханашы, үйірме жетекшісі, шебер, жетекші, музыкалық жетекші, әдістемеші, бағдарламашы.
3. Мәдениет мамандарының лауазымдары
мемлекеттік мекеме және қазыналық кәсіпорын басшысы;
кітапхана, клуб меңгерушісі;
мамандар (бас, аға): аккомпаниатор, кітапханашы, редактор, режиссер, дыбыс режиссері, мәдени ұйымдастырушы, әдістемеші, барлық атаудағы суретшілер, хореограф, музыкалық жетекші, режиссердің ассистенті.